

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 маусымдағы N 728 және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы N 615 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Халықаралық Архивтер кеңесіне мүшелігі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 29 маусымдағы N 728 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 27, 300-құжат):

1-тармақтағы "Архивтер мен құжаттар бас басқармасына" деген сөздер "Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Архивтер мен құжаттар бас басқармасының" деген сөздер "Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Архивтер мен құжаттар бас басқармасы Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне" деген сөздер "Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы N 281 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 11, 81-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің
Т ә р т і б і н д е :

7-тармақтағы "қоғамдық келісім" деген сөздер "спорт" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі